

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР		044-62/11 () 48 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР

1-ші аралық бақылау бағдарламасының сұрақтары

Білім беру

бағдарламасының аты: «Жалпы дәрігерлік тәжірибе»

Пән коды:

ZHDT 6301-5

Пәні:

«АМСК жүкті әйелдердің экстрагениталдық патологиясы»

Кредиттің/сағатының

жалпы көлемі:

120 сағ/4 кред

Курс:

7

Оқу семестрлері:

13,14

ШЫМКЕНТ 2024 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы


БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР

044-62/11 ()

48 беттің 2 беті

Өзірлеген: ассистент Сметова Р.А.

Кафедра меңгерушісі

м.ғ.д., профессор Досыбаева Г.Н. 

№ 10 хаттама 24.05. 2024 ж.



<question>Бронхтық обструкцияның себебін анықтаңыз: 29 жастағы жүкті әйел адам түнгі уақытта дамитын тыныс шығарудың қиындауына, тұншығуға шағымданды. Об-ті: аускультацияда патологиялық шуларсыз везикулалық тыныс, жиілігі 19 мин. ФГДС: өңештің төменгі үштігінің гиперемиясы, біріккен эрозиялар.

<variant>гастрер-эзофаголық рефлюксті ауру, өңештен тыс өкпелік синдром

<variant>бронхтық демікпе (астма), интенмиттолық ағымды

<variant>трахеобронхтық дискинезия

<variant>митральді стеноз, жүректік демікпе (астма)

<variant>паразитоз, бронхобструкциялық синдром

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз: 25 жастағы әйел жүктілікті жоспарлады, бірақ келесі шағымдар мазалайды: төс сүйегінің артындағы, еңкейгенде және горизонталь қалыптарында күшейетін, күйдіріп ауырсыну; түн мезгіліндегі жөтел. Кардиолог патологияны жоққа шығарды.

<variant>рефлюкс-эзофагит

<variant>гастрит

<variant>стенокардия

<variant>асқазанның шығар трактінің рагі

<variant>миокард инфаркті

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Псевдомембранозды колиттің этиологиялық факторы саналады:

<variant>clostridium difficile

<variant>бейспецификалық коктік флора

<variant>гемоліздік стрептококк

<variant>ішек таяқшалары

<variant>алтын сары стафилококк

<question>Антибиотиктерді жиі қолданудан осы патология дамиды. . Псевдомембранозды колиттің емінде қолданатын “эталондық” комбинацияны көрсетіңіз:

<variant>ванкомицин+метранидазол+ішек адсорбенттері

<variant>линкомицин+цефалоспорин

<variant>метранидазол+клиндамицин+ішек адсорбенттері

<variant>эритромицин+клиндамицин+ішек адсорбенттері

<variant>ванкомицин+тетрациклин

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Әйел адам диареяға, ішінің бар аймағының ұстамалы ауыруына, ыстық құйылуларға, бетінің гиперемиясына, жүрек қағуы мен тұншығу ұстамаларына шағымданды.

<variant>карциноидты синдром

<variant>ауруы, Уипплдың

<variant>лимфосаркома

<variant>лимфогранулематоз

<variant>бейспецификалық жаралы колит

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Жас әйелдерде эрозиялардың асқазанның антраль бөлігінде орналасуы тән:

<variant>хеликобактерлік инфекцияға

<variant>тағамдық токсикоинфекцияға (жіті гастритке)

<variant>аутоиммунды гастритке

<variant>Менетрие ауруына

<variant>гранулематозды гастритке

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 () 48 беттің 4 беті

<question>Созылмалы панкреатиттің спецификалық ферменті болып табылатын ... дефициті бірінші кезекте бақыланады:

- <variant>липазаның
- <variant>амилазаның
- <variant>фосфолипазаның
- <variant>трипсиннің
- <variant>5-нуклеотидазаның

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Панкреас секрециясын басып тастайтын ең күшті дәрмек:

- <variant>сандостатин
- <variant>фамотидин
- <variant>пантопризол
- <variant>гастроцепин
- <variant>атропин

<question>Ұйқы безінің сыртқы секрециялық шамасыздығы диареямен сипатталады. Көрсетілген патологиялардан әйелдерде панкреатитпен жиі асқынатынын белгілеңіз:

- <variant>өт-тас ауруы
- <variant>созылмалы гастрит
- <variant>созылмалытассыз холецистит
- <variant>асқазанның жара ауруы
- <variant>он екі елі ішектің жара ауруы

<question>Науқас әйелде дерматит, диарея, деменция. Осы триада тән патологияны анықтаңыз:

- <variant>пеллагра
- <variant>дизентерия
- <variant>гипотиреоз
- <variant>аллергоздар
- <variant>жүйелі қызыл жегі

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. 35 жастағы контрацепциялық дәрмектерді 5 жыл бойына қабылдаған әйел, терісінің күшті қышуына, сарғаюға, оң қабырға астының ауыруына, жауырын аралықтары терісінің қараюына шағымданып келді. Пигменттік дақтар 5 жыл бұрын көріне бастаған. Соңғы 2 жылда терісі қышиды, дерматологтардағы ем нәтиже бермеген. Анализдерінен: гипербилирубинемия, тікелей фракция есебінен, СФ, ГГТП көрсеткіштері жоғары.

- <variant>біріншілік склероздаушы холангит
- <variant>созылмалы гепатит вирусты этиологиялы
- <variant>ауруы, Вильсон-Коноваловтың
- <variant>өттас ауруы
- <variant>антитрипсиндік шамасыздық

<question>34 жастағы жүкті әйелде ішінің белбеу бойымен айналма ауырсынуы бар, ауыру синдромы алкогольдік ішімдіктен кейін дамыған. УДЗ кешенінде: ұйқы безі өлшемдерінің үлкейгендігі, тінінің эхоқұрылымының әркелкілігі, контурларының анық еместігі дәлелденді. Қан анализдерінен: лейкоц. $10,0 \times 10^9$ /л. Глюкозасы 7,0 ммоль/л. Қан амилазасы 400 Б. (Қалыптыда 20-100Б). Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:

- <variant>жедел алкогольдік панкреатит
- <variant>алкогольмен улану
- <variant>созылмалы алкогольдік панкреатит
- <variant>ұйқы безінің ісігі

<variant>ішектің тітіркену синдромы

<question>27 жастағы әйел 8 сағат бұрын тұрмыстық зорлыққа ұшыраған, ішінің тұрақты, күшті ауырсынуына шағымданды. Об-ті: өкпе үстінде везикулалық тыныс, сырылдар жоқ. Жүрек тондары анық, пульсі 100 мин., АҚ 110\70 мм сын. бағ. Қан анализінде лейкоциттер 14×10^9 /л. Кеуде сарайының жалпы шолу рентгенограммасындағы перфорация дәлелін табыңыз:



<variant>диафрагма астында газ жиналу


<variant>асқазанның газдық көпіршігінің жойылуы

<variant>диафрагма үстіндегі газдық көпіршік

<variant>асқазанның газдық көпіршігі "құмсағат" тәріздес, диафрагма үстінде орналасқан

<variant>кеудеаралығының асимметриялы ұлғаюы

<question>27 жастағы әйел 8 сағат бұрын тұрмыстық зорлыққа ұшыраған, ішінің тұрақты, күшті ауырсынуына шағымданды. Об-ті: өкпе үстінде везикулалық тыныс, сырылдар жоқ. Жүрек тондары анық, пульсі 100 мин., АҚ 110\70 мм сын. бағ. Қан анализінде лейкоциттер 14×10^9 /л. Кеуде сарайының жалпы шолу рентгенограммасындағы перфорация дәлелі анықталды: диафрагма астында газ орақ пішінінде жиналған. Сіздің дәлелдеріңіз:



<variant>қуыс органның жарылуы

<variant>асқазанның жара ауруы

<variant>бауырдың жарылуы

<variant>талақтың жарылуы

<variant>қабырғалардың сынуы

<question>Тромбоцитопения жиі ілесетін дерттердің барлығын белгілеңіз:

a) эритремия

b) бауыр циррозы

c) преэклампсия



d) гемофилия

e) B₁₂-дефицитті анемия

<variant>b, c, e

<variant>a

<variant>a, d, e

<variant>b

<variant>d, e

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, теміртапшылықты анемияны гем синтезінің бұзылысынан дамыған анемиялардан айыратын дифференциялық-диагностық белгі:

<variant>қан сары суының темір деңгейі

<variant>науқастың жасы

<variant>анемия ауырлығы

<variant>түстік көрсеткіш

<variant>анизоцитоз

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, B₁₂ тапшылықты анемиясы бар науқастардың миелограммасына тән:

<variant>қан түзілудің мегалобластық типі

<variant>қан түзілудің нормобластық типі, эритроид өсінділерінің тітіркенуімен

<variant>кеуіп қалған сүйек миы

<variant>сүйек миы өзгермеген

<variant>миелобласты тип

<question>Теміртапшылықты анемияға тән белгілерді таңдаңыз:

a) ретикулоцитоз

b) макроцитоз эритроцитов

c) тіндерге темірдің жиналуы

d) Пламмер симптомы

e) қан сары суының темір байланыстырғын қабілетінің артуы (ОЖСС)

<variant>d, e

<variant>a, b

<variant>b, c, d

<variant>c, e

<variant>a

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, фоль-тапшылықты анемияның емінде тағайындайды:

<variant>фоль қышқылының дәрімектерін ішке

<variant>витамин B₁₂ парентеральді

<variant>витамин B₁₂ және фоль қышқылын

<variant>витамин B₁₂, C және фоль қышқылын

<variant>арнайы емдәмді

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, генезі нақталмаған мегалобласт анемиясының емін осы дәрімекті тағайындаудан бастайды:

<variant>витамина B₁₂

<variant>преднизолонды

<variant>витаминов B₆ мен B₁

<variant>фоль қышқылын

<variant>темір дәрімектерін

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз, перифериялық қанның келесі өзгерістері теміртапшылықты анемияға тән:



<variant>гипохромия, микроциттер

<variant>гиперхромия, макроциттер

<variant>нормохромия, макроциттер

<variant>микросфероциттер

<variant>гемолиз, лейкоцитоз

<question>28 жастағы әйел баспамен ауырған соң 3 аптадан кейін келді: бүйірлерінің екі жақты сыздап ауырсынуы, бас ауруы, несепке аз көлеммен баруы, ентігу, ісіну. Об-ті: науқас қуқыл тартқан, бетінде айқын ісіну бар. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты. АҚ 200\110 мм сын. бағ., ЖСС 100 минутына. Қағу симптомы екі жағында да оң. ҚЖА: Нв 105 г\л, ЭТЖ 28 мм\сағ. Науқастың тәуліктік диурезі 1л, тығыздығы 1030, белогі 1,5 г\л., несепі бұлыңғыр, “ет шайындысы” түстес, эрит. к\а жалпы жапқан. Диагнозын болжаңыз.

<variant>БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, диффузды (клиникалық) варианты

<variant>БСА (ХБП): созылмалы гломерулонефрит, өршу фазасы

<variant>БСА (ХБП): созылмалы пиелонефрит, өршу фазасы

<variant>Несеп жолдарының инфекциясы (ИМП): жедел пиелонефрит

<variant>БСА (ХБП): тубулоинтерстицийлік нефрит

<question>25 жастағы әйелде беті мен аяқтарының ісінуі, басының ауруы, бел аймағындағы ауырлық сезімі бар. Анамнезінен: 3 апта бұрын фолликулалық баспамен ауырған. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, тері жамылғылары қуқыл, беті мен аяқтарында айқын, жұмсақ ісіну, ішінде бос сұйықтық. Тыныс жиілігі 26 мин. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, аорта үстінде II тонның акценті, жүрек ұшында систолалық шу. АҚ 110\70 мм сын. бағ. ЖЖС 56 мин. Қағу симптомы екі жағында да оң. Протеинурия 3,5г\ л. Диагнозын болжаңыз.

<variant>БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, нефроздық синдроммен. Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<variant>БЖЗ (ОПП):жедел гломерулонефрит, бисиндромды (нефротикалық және нефрогенді АГсиндром).Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<variant>БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, жайылма варианты (бүйректік ісіну, нефрогенді АГ). Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<variant>БСА (ХБП): созылмалы гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<variant>Несеп жолдарының инфекциясы (ИМП): жедел пиелонефрит, нефрогенді АГ

<question>27 жастағы әйелде беті мен аяқтарының ісінуі, басының ауруы, бел аймағындағы ауырлық сезімі бар. Анамнезінен: 2 апта бұрын фолликулалық баспамен ауырған. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, тері жамылғылары қуқыл, беті мен аяқтарында айқын, жұмсақ ісіну, ішінде бос сұйықтық. Тыныс жиілігі 26 мин. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, аорта үстінде II тонның акценті, жүрек ұшында систолалық шу. АҚ 190\100 мм сын. бағ. ЖЖС 56 мин. Қағу симптомы екі жағында да оң. Протеинурия 3,0г\ л. Диагнозын болжаңыз.

<variant>БЖЗ (ОПП):жедел гломерулонефрит, бисиндромды (нефротикалық және нефрогенді АГсиндром).Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<variant>БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<variant>БЖЗ (ОПП): жедел гломерулонефрит, жайылма варианты (бүйректік ісіну, нефрогенді АГ). Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<variant>БСА (ХБП): созылмалы гломерулонефрит, нефротикалық синдроммен. Асқ.: ЖШФКII. Ми сауытшілік гипертензия

<question>ЖТД 25 жастағы әйел келесі шағымдармен келді: ентігу, әлсіздік, ашушандық, ұйқысыздық, жарты жылда 7,5 кг салмақ жоғалту, тершендік. Ауырғанына жарты жыл болған.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 () 48 беттің 8 беті	

Об-ті: көздері жарқылға толы, саусақтары дірілдейді, «телеграф бағаны» симптомы оң, терісі сипағанда ыстық, ылғалды. Мебиуса, Кохердің симптомдары оң. Қалқанша безі 2 дәр. үлкейген. Өкпесінде везикулалық тыныс. ЖЖС 120 мин., АҚ 150\ 60 мм сын. бағ. Дұрыс тактиканы таңдаңыз, ана болу сұрағын шешіңіз:

<variant>тирозол–тиреоидты гормондардың синтезін,секрециясын төмендету үшін; жүктілікті эутиреоз жағдайында жоспарлаған жөн

<variant>β-блокаторларды –қанда тиреоглобулиндерге антиденелерді азайту үшін, ана болу қауіпті

<variant>β-блокаторларды – ЖЖС мен АҚ төмендету үшін, ана болу қауіпті

<variant>тирозолды – тиреоидты гормондарға тіндердің сезімталдығын азайту үшін, ана болу қауіпті

<variant>тирозолды –қанда белоктармен байланысқан йод деңгейін көтеру үшін, ана болу қауіпті

<question>19 жастағы қыздың шағымдары: қызба, анасаркаға дейінгі ісіну, несеп мөлшерінің азаюы, терісіндегі көбелек пішінді бөртпелер. Өзін 3 ай дертті санайды. АҚ 200\100 мм сын. бағ. НЖА: белогі 3,3 г\ л; эритр. ескірген 29-30 к\ а. Бүйрек биопсиясы: капиллярларының қабырғалары қалыңдаған, базаль мембранасының дистрофиясы. Осы белгілер кешені мен төмендегілерден ең мүмкін себепті байланыстырыңыз.

<variant>жүйелі қызыл жегі

<variant>түйінді периартериит

<variant>біріншілік гломерулонефрит

<variant>пиелонефрит

<variant>бүйрек ісігі

<question>18 жастағы қыздың басы жиі ауырады. Об-ті: дене бітімі астениялық, ісінулер жоқ. Жүрек тондары айқын, ырғағы дұрыс, ЖСС 80 мин, АҚ 170\120 мм сын. бағ. Қанның және несептің жалпы анализдері, биохимиялық көрсеткіштері қалыпты деңгейде. ЭКГ, ЭхоКС сол қарыншаның гипертрофиясы белгілерін анықтады. Изотопты ренографияда оң бүйректің васкулярлы сегменті өзгерген. Артериялық гипертензияның ең мүмкін себебін анықтаңыз:

<variant>бүйрек артерияларының фибромускулдік дисплазиясы

<variant>бүйрек артерияларының атеросклерозы

<variant>бүйрек поликистозы

<variant>бүйрек туберкулезі

<variant>бүйрек артерияларының тромбэмболиясы

<question>18 жастағы қыздың басы жиі ауырады. Об-ті: дене бітімі астениялық, ісінулер жоқ. Жүрек тондары айқын, ырғағы дұрыс, ЖСС 80 мин, АҚ 170\120 мм сын. бағ. Қанның және несептің жалпы анализдері, биохимиялық көрсеткіштері қалыпты деңгейде. ЭКГ, ЭхоКС сол қарыншаның гипертрофиясы белгілерін анықтады. Изотопты ренографияда оң бүйректің васкулярлы сегменті өзгерген. Ана болу сұрағының шешімін ұсыныңыз.

<variant>бүйрек артерияларының фибромускулдік дисплазиясын операциялық жолмен коррекциялау

<variant>антигипертензиялық ем ұсыну (сартандар қатарынан)

<variant>антигипертензиялық ем ұсыну (ААФИ қатарынан)

<variant>антигипертензиялық ем ұсыну (кальций каналының антагонистері қатарынан)

<variant>антигипертензиялық ем ұсыну (диуретиктер қатарынан)

<question>Фертиль жасындағы әйелге Иценко-Кушинг ауруы мен Иценко-Кушинг синдромының (бүйрекүсті безінің кортикостеромасы) дифференциялық диагнозы жүргізілуде. Шешуші диагноздық маңызы бар зерттеу тәсілін таңдаңыз.



<variant>дексаметазонмен сынама

<variant>ми сауытының рентгенографиясы

<variant>бүйрекүсті безінің ультрадыбыстық зерттеуі

<variant>қандағы кортизол деңгейін зерттеу

<variant>верошпиронмен сынама

<question>30 жастағы әйел эпигастрий аймағының ауыруына байланысты қаралды, гипоксиялық-циркуляциялық синдромы айқын. Анамнезінде: асқазанның жара ауруы. Тері жамылғысы бозғылт. Қан анализінде: Нв 90 г\л, эр. $3,5 \times 10^{12}$ \л, ТК 0,7, тромб. $180,0 \times 10^9$ \л, ретикул. 0,5%. Билирубин 12 мкмоль\л, сары су темірі 4,6 ммоль\л. Грегерсена реакциясы оң. Анемияның түрін болжаңыз:

<variant>теміртапшылықты анемия

<variant>аплазиялық анемия

<variant>гемолиздік анемия

<variant>жіті постгеморрагиялық анемия

<variant>витамин В₁₂- дефицитті анемия

<question>30 жастағы әйел эпигастрий аймағының ауыруына байланысты қаралды,, гипоксиялық-циркуляциялық синдромы айқын. Анамнезінде: асқазанның жара ауруы. Тері жамылғысы бозғылт. Қан анализінде: Нв 90 г\л, эр. $3,5 \times 10^{12}$ \л, ТК 0,7, тромб. $180,0 \times 10^9$ \л, ретикул. 0,5%. Билирубин 12 мкмоль\л, сары су темірі 4,6 ммоль\л. Грегерсена реакциясы оң. Анемия синдромының еміне дәрмек таңдаңыз:

<variant>темір дәрмектерін ішуге тағайындау

<variant>темір дәрмектерін парентеральтағайындау

<variant>преднизолон

<variant>эритромаасса құю

<variant>витамин В₁₂

<question>30 жастағы әйел эпигастрий аймағының ауыруына байланысты қаралды, гипоксиялық-циркуляциялық синдромы айқын. Анамнезінде: асқазанның жара ауруы. Тері жамылғысы бозғылт. Қан анализінде: Нв 90 г\л, эр. $3,5 \times 10^{12}$ \л, ТК 0,7, тромб. $180,0 \times 10^9$ \л, ретикул. 0,5%. Билирубин 12 мкмоль\л, сары су темірі 4,6 ммоль\л. Грегерсена реакциясы оң. Темір дәрмектерімен ем нәтижелілігін бағалау мақсатында динамикада бақыланады:

<variant>гемоглобин, эритроциттер, қан сары суының темірі, ҚСТБҚ (ОЖСС), ферритин

<variant>гемоглобин, эритроциттер, Грегерсен реакциясы

<variant>гемоглобин, эритроциттер және олардың морфологиясы, ТК

<variant>гемоглобин, эритроциттер, сүйек миының пунктатын

<variant>гемоглобин, эритроциттер, ТК, тромбоциттер

<question> Әйел адам 32 жаста, жүктілікке байланысты әйелдер консультациясында қаралады. 28 аптада терінің қышуына байланысты ұйқының бұзылуына, әлсіздікке, лоқсуға шағымданып келді. Биохимиялық қан анализінде: АЛТ-56 Ед\л, АСТ-42 Ед\л, жалпы билирубин-12,4 ммоль\л, СФ-480 Ед\л. Маркерлер диагностикасы: НВsAg – теріс., а-НВs - оң, а-НВcore IgG- теріс, НВeAg - теріс, а-НВе- теріс, anti-НCV IgM - теріс, anti-НCV IgG – теріс. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз.

<variant>жүктілік холестазаы

<variant>жүктілік гепатозы

<variant>созылмалы вирусты гепатит

<variant>бұл көзендегі жүктілікке қалыпты жағдай

<variant>созылмалы холециститтің өршуі



<question>23 жастағы әйел, гестация кезеңі 12 апта; скринингтік зерттеу барысында HBsAg анықталған. Шағымдары жоқ, жағдайы қанағаттанарлық. Об-ті: тері жабындаларының түсі қалыпты, іші жұмсақ, ауыру сезімі жоқ, бауыры қабырға доғасынан 1,0 см төмен, консистенциясы тығыз, шеті дөңестелген, ауыру сезімсіз. Көк бауыры ұлғаймаған. ЖҚА: Нв – 100 г\л, эр. – $3,9 \times 10^{12}$ \л, лейкоц. – $9,2 \times 10^9$ \л, тромб. – 180×10^9 \л, ЭТЖ – 25 мм\сағ. АЛТ – 30 бірлік\л, АСТ – 40 бірлік\л, жалпы билирубин – 18 ммоль\л, жалпы белок – 65 г\л, глюкоза – 3,2 ммоль\л, сілтілі фосфатаза – 240 бірлік\л. Қай зерттеу әдісі вирусқа қарсы терапияның тағайындалуын және оның мақсатын белгілейді?

<variant>ИФА anti HBcIgM – гепатит В белсенділігін анықтау үшін

<variant>ИФА HBeAg – вирус репликациясын анықтау үшін

<variant>PCR DNA HBV – вирустың жүктемесін анықтау үшін

<variant>PCR DNA HBV – гепатит В диагнозын анықтау үшін

<variant>ИФА anti HDV – дельта гепатитпен коинфекцияны анықтау үшін

<question> Әйел 32 жаста. Жүктіліктің 26-27 аптасы. Алғашқы жүктілік. Кезекті тексеруде гликемия 6.2 ммоль\л анықталды. 2 жыл бұрын гликемия - 4,8 ммоль\л. Осы жағдайда бала үшін мүмкін болатын болжам қандай?

<variant>жоғары массалы ұрықтың болуы қаупі жоғары

<variant>күрсақ ішілік даму артта қалуы мүмкін

<variant>ТПА даму қаупі жоғары

<variant>2500 г дене салмағымен туылуы мүмкін

<variant>Уақыттан бұрын босану қаупі жоғары

<question> Негізгі диагнозды дәлелдеуде маңызды және бірінші кезекте жүргізілуі керек зерттеуді таңдаңыз. Жасөспірім қыз 15 жаста, фурункулезге шағымданып келді.

Анамнезінде: суықтау инфекцияларына бейім, үлкен ағасы қант диабетімен ауырады. Об-ті: физикалық дамуы 10 жасқа сәйкес. Салмағы 40 кг, бойы 150 см. Тері жамылғысы бозарған, құрғақ. Денесінде және терісінде көптеген фурункулдер. АҚ 105\65 мм сын. бағ. Пульсі 88 мин.

<variant>гликемиялық профильді анықтау

<variant>қанда лейкоформулананы анықтау

<variant>зәрде глюкозаны анықтау

<variant>ашқарынға С пептидті анықтау

<variant>бактериологиялық зерттеу

<question> Әйел 35 жаста. Жүктіліктің 22-23 аптасы. Екінші жүктілік. Кезекті тексеруде гликемия 6.5 ммоль\л анықталды. 1,5 жыл бұрын гликемия - 4,5 ммоль\л. Осы жағдайда бала үшін мүмкін болатын болжам қандай?

<variant>жоғары массалы ұрықтың болуы қаупі жоғары

<variant>күрсақ ішілік даму артта қалуы мүмкін

<variant>ТПА даму қаупі жоғары

<variant>2500 г дене салмағымен туылуы мүмкін

<variant>Уақыттан бұрын босану қаупі жоғары

<question>27 жастағы жүкті әйелде 36 аптасында АҚҚ 170/100 мм сын.бағ. дейін көтерілген, дене салмағының аптасына 4 кг-ға артуы, аяқ-қолдарының ісінуі, тәуліктік диурездің төмендеуі, 400 мл дейін байқалады. Қанда: тромбоциттер – 90 мың, альбуминдер – 16 г/л. Зәрде: ақуыз – 2,9 г/л. УДЗ-да: ұрықтың дамуы 4 апта артта қалған. Жүкті әйелді бақылаудың тиімді тактикасы:

<variant>мерзімінен бұрын босандыруды жоспарлау

<variant>жүктілікті өздігінен босанғанға дейін ұзарту

<variant>антигипертензивті терапиямен жүктілікті ұзарту



<variant>антигипертензивті терапиямен жүктілікті үзу

<variant>гипертензивті терапия жүргізу

<question>26 жастағы әйел, гестация кезеңі 14 апта; скринингтік зерттеу барысында HbSAg анықталған. Шағымдары жоқ, жағдайы қанағаттанарлық. Об-ті: тері жабындарының түсі қалыпты, іші жұмсақ, ауыру сезімі жоқ, бауыры қабырға доғасынан 1,5 см төмен, консистенциясы тығыз, шеті дөңестелген, ауыру сезімсіз. Көк бауыры ұлғаймаған. ЖҚА: Нв – 90 г\л, эр. – $3,9 \times 10^{12}$ \л, лейкоц. – $9,2 \times 10^9$ \л, тромб. – 180×10^9 \л, ЭТЖ – 22 мм\сағ. АЛТ – 35 бірлік\л, АСТ – 45 бірлік\л, жалпы билирубин – 18 ммоль\л, жалпы белок – 60 г\л, глюкоза – 3,2 ммоль\л, сілтілі фосфатаза – 220 бірлік\л. Қай зерттеу әдісі вирусқа қарсы терапияның тағайындалуын және оның мақсатын белгілейді?

<variant>ИФА anti Hbcor IgM – гепатит В белсенділігін анықтау үшін

<variant>ИФА HBeAg – вирус репликациясын анықтау үшін

<variant>PCR DNA HBV – вирустың жүктемесін анықтау үшін

<variant>PCR DNA HBV – гепатит В диагнозын анықтау үшін

<variant>ИФА anti HDV – дельта гепатитпен коинфекцияны анықтау үшін

<question>23 жастағы жүкті әйел мұрыннан, тіс иегінен қансырау, әлсіздік, енгігу, қызбаға шағымданады. Объективті: жағдайы ауыр, терісі боз, денесінде көгертулер, перифериялық лимфа түйіндер ұлғаймаған. ЖҚА: Нв-60 г\л; Эр.- $2,0 \times 10^{12}$ \л; ТК-0.9; Лейк.- $1,5 \times 10^9$ \л; Тромб.- 20×10^9 \л. Миелограммада: майлы сүйек кемігі 90% болуға тиістісіне қарағанда 10%. Сіздің болжам диагнозыңыз:

<variant>апластикалық анемия

<variant>жіті эритромиелоз

<variant>жіті миелолейкоз

<variant>созылмалы миелолейкоз

<variant>тромбоцитопениялық пурпура

<question>Әйел 32 жаста., жүктіліктің 35-36 аптасы."Д" учетта "Созылмалы гломерулонефрит" диагнозымен тұрады.Соңғы аптада бетінде, алақанында ісіну пайда болды. АҚҚ оң қолда 160\100 мм.с.б., сол қолда 150\95 мм.с.б. Лабораторық: жалпы белок 55 г\л, альбумин - 28 г\л креатинин 150 мкмоль\л, мочевино 10 ммоль\л, холестерин 12 ммоль\л. КФЖ (СКФ)=53 мл\мин. ЖЗА белок 4 г\л, Лейкоцит 5-6 к\а, Эритроцит - 25-30 к\а. Төмедегі аталған жағдайлардың қайсысы БАРЫНША ықтимал ?

<variant>Презкламсия

<variant>Нефриттің өршуі

<variant>Гипертониялық нефропатия

<variant>3-триместрге тән нефрит ағымы

<variant>Жедел бүйрек жеткіліксіздігі

<question>Әйел 25 жаста, жүктіліктің 12-13 аптасы. Шағымдары: кіші дәреттің ауру сезіммен және жиі болуы, қасағадағы ауру сезімі, жиі императивті жалған шақырулар. Бұл шағымдар суық тиген соң 2-3 күнде пайда болды. ЖҚА қарағанда өзгеріссіз, ЖЗА – лейкоциттер 20-30 к\а, бактерия+++ .Төменде аталған болжам диагноздардың қайсысы БАРЫНША ықтимал?

<variant>Зәр шығару жолдарының инфекциясы

<variant>Жедел пиелонефрит

<variant>Қуық тас ауруы

<variant>Симптомсыз бактериурия

<variant>Тубулоинтерстициальды нефрит

<question>Әйел 28жаста. Бір ай бұрын мерзімімен, бойы 51 см, салмағы 3300 г дені сау баланы босанды. Шағымдары болған жоқ, лактация жақсы, бала толықтай омыраумен тамақтанады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы тәжірибелік дәрігер-2» кафедрасы БАҚЫЛАУШЫ-ӨЛШЕГІШ ҚҰРАЛДАР	044-62/11 () 48 беттің 12 беті

Қарау кезінде шырышты қабаттары бозғылт, тырнақтары қабыршықтанған, шаштары жұқа және жиі түсетін болған. Тамақтануы жақсы, ешқандай қосымша препараттар (поливитаминдер және т.б) қабылдамайды. Жүктілік кезінде "Прегнавит" қабылдаған, бірақ туғаннан кейін витаминдер мен микроэлементтердің қажеті жоқ деп санаған. Қанда - гемоглобин 106 г\л, ТК - 0,7. Босанған әйелге тәулігіне 60 мг аз емес темірді қанша уақытқа қабылдау ұсынылады?

<variant>босанғаннан соң алты ай бойы

<variant>босанғаннан соң алғашқы ай бойы

<variant>босанғаннан соң үш ай бойы

<variant>алғашқы қосымша (прикорма) енгізгенге дейін

<variant>босанғаннан кейін 12 айдан аз емес уақыт

<question>24 жаста Әйел вирусты В гепатитпен ауырады, жүктілік 32 апта. Биохимия: АЛТ – 0,64 ммоль\л. АСТ – 0,47 ммоль\л. Билирубин – 22,25 мкмоль\л. HBsAg – оң, anti HBs – теріс, anti HBc IgM – оң, anti HBc IgG – оң, HBeAg – оң, anti HBe – теріс. ПТР HBV ДНК – 106 көшірме\мл. Балаға вирустың перинатальды өту қаупін төмендету үшін қандай терапия тиімді?

<variant>Ламивудин 100 мг\тәул босанғанға дейін

<variant>Адеметионин+урсодезоксихоиль қышқылы

<variant>Қысқа әсерлі интерферон

<variant>Интерферон тік ішектік шам түрінде, босанғанға дейін

<variant>Эссенциальды фосфолипидтер 38-39 аптаға дейін

<question>Бұл жағдай ААФ ингибиторларын тағайындауға қарсы көрсетпе емес:

<variant>қантты диабет

<variant>жүктілік

<variant>бүйрек артериясының стенозы

<variant>күрғақ жөтел

<variant>митральді және аорталық қақпақшалардың стенозы

<question>26 жастағы науқаста екі рет босанғаннан кейін лабильді артериялық гипертензияның пайда болуы байқалған. Ұзақ жүргенде және вертикальді қалыпта жағдайы нашарлай түседі. Шамалы горизонтальді қалыпта демалған соң артериялық қысымның қалыптасуы мүмкін. Диагностық шараларды жоспарлағанда бірінші кезекте келесі ауру туралы ойлау керек:

<variant>нефроптоз

<variant>феохромцитомы

<variant>артериялық гипертензиялар

<variant>созылмалы гломерулонефрит

<variant>созылмалы пиелонефрит

<question>HELLP- синдром құрамына келесі белгілер кіреді:

<variant>Гемолиз, бауыр ферменттері деңгейінің өсуі, тромбоцитопения

<variant>Гемолиз, тромбоцитопения

<variant>Гемолиз, холестаза, бауырдың мезенхималық қабыну синдромы

<variant>Тромбоцитопения, ДВС-синдром, қан кету

<variant>СФ, ГГТП, холестерин деңгейлерінің жоғарылауы

<question>ҚР ДСМ 23.08.2010 жылдың №661 бұйрығына сәйкес жүкті әйелді жедел вирусты гепатит В-мен ауырғанда жүктіліктің 30 аптасынан кейін келесі ауруханаға жатқызады:

<variant>жүкпалы аурулар ауруханасына боксқа

<variant>терапиялық бөлімшеге

<variant>перзентхананың жалпы бөлімшесіне

<variant>қарқынды терапия бөлімшесіне



<variant>перзентханаға жекеленген бокста

<question>Жильбер синдромы жиі кездеседі:

<variant>ерлерде

<variant>жүкті әйелдерде

<variant> емізулі балаларда

<variant> қарт адамдарда

<variant> әйелдерде

<question>Жүктілердегі бауырішілік холестазаға тән:

<variant>терінің қатты қышуы, әлсіз сарғаю

<variant> терінің айқын сарғаюы, терінің тұрақты емес қышуы

<variant>гипотония, гепатоспленомегалия

<variant>жеңіл терінің қышуы, аздаған сарғаю

<variant>гепатомегалия, әлсіз сарғаю

<question>Жүктілердегі бауырішілік холестазда қанның биохимиялық анализдерінде келесі өзгерістер байқалады:

<variant> шамалы гипербилирубинемия, сілтілі фосфатазаның жоғарылауы

<variant> жоғары гипербилирубинемия, альбуминнің төмендеуі

<variant> аздаған гипербилирубинемия, АЛТ жоғарылауы

<variant> АЛТ жоғарылауы, протромбиннің төмендеуі

<variant>аталған жауаптардың бәрі

<question>Бауырішілік холестаздың жүктілікке және босануға теріс әсері:

<variant> түсікті жиі тастау

<variant>қалыпты орналасқан плацентаның мерзімінен бұрын сылынуы

<variant>босану әлсіздігі

<variant>нәрестелерде сарғаюдың жиі кездесуі

<variant> петехийлік бөртпе

<question>24 жастағы әйел жүктілік жоспарлап жүр. Вирусті гепатиттер маркерлеріне қан тапсырды. Анти-HCV total табылды. ПЦР РНК нәтижесі теріс. Бауырдың биохимиялық сынамасы қалыпты. Гепатомегалия жоқ. УДЗ – де бауырда диффузды өзгерістер. Сіздің диагнозыңыз:

<variant> созылмалы вирусты С гепатит, минимальді белсенді кезеңі

<variant> вирусты С гепатит жоқ, жалған оң нәтиже

<variant> жедел вирусты С гепатит

<variant>бауыр циррозы, компенсация сатысы

<variant>созылмалы вирусты С гепатит, асқынусыз

<question>Жүктілердегі бауырішілік холестаза жүктіліктің келесі мерзімінде жиі кездеседі:

<variant>3 триместрде

<variant>2 триместрде

<variant>жүктіліктің кез келген триместрінде

<variant>1, 3 триместрінде

<variant>1 триместрде

<question>24 жастағы әйел жүктілік жоспарлап жүр. Вирусты гепатиттер маркерлеріне қан тапсырды. Анти-HCV total табылды. ПЦР РНК нәтижесі теріс. Бауырдың биохимиялық сынамасы қалыпты. Гепатомегалия жоқ. УДЗ – де бауырда диффузды өзгерістер. Сіздің тактиканыз:

<variant> бұл жағдай емді қажет етпейді

<variant> пег-интрон, ребетол тағайындау



<variant> гепатопротекторлар тағайындау

<variant> гептрал тағайындау

<variant> гепа – мерц тағайындау

<question>Вирусты гепатиттің келесі түрі жүкті әйелдерде ең ауыр ағымда өтеді:

<variant> вирусты Е гепатит

<variant> вирусты А гепатит

<variant> вирусты В гепатит

<variant> вирусты С гепатит

<variant> вирусты Д гепатит

<question>20 жастағы, жүкті әйел, жүктіліктің 31-32 аптасында, 14 күн бұрын А вирусті гепатитпен ауырған науқаспен қарым-қатынаста болған. Кеше әлсіздік, шаршағыштыққа, жүректің айнуына, эпигастрий аймағында және оң жақ қабырға астында аздаған ауру сезіміне шағымданды, 1 рет құсты. Объективті қарап тексергенде: жалпы жағдайы орташа ауырлықта. Т-36,5°C. Тері және шырышты қабаты қалыпты. Тілі ақ жамылғымен қапталған, ылғалды. Іші жұмсақ, пальпацияда эпигастрий аймағында және оң қабырға астында ауырсыну сезімі бар. Бауыры 2см-ге ұлғайған, көк бауырдың шеті анықталады. Нәжісі және зәрі қалыпты. Биохимиялық анализдерінен: жалпы билирубині қалыпты, АЛТ 2,5 есе көбейген. Сіздің диагнозыңыз:

<variant> вирусты А гепатит, сарғаюсыз түрі

<variant> вирусты А гепатит, сарғаю түрі холестаздық компонентпен

<variant> вирустасымалдаушылық

<variant> вирусты А гепатит, субклиникалық түрі

<variant> вирусты А гепатит, сарғаю түрі

<question>37 жастағы әйел, жүктілігі 28-30 апта, ауруханаға ессіз жағдайда, айқын сарғаюмен жеткізілді. Аузынан «бауырлық» иіс сезіледі. Жүрек тондары бәсеңдеген. Пульсі ырғақты, толуы әлсіз, минутына 120 рет. АҚ 110\70 мм сын.бағ. Бауырдың төменгі шекарасы перкуссия арқылы бұғана-орталық сызық бойымен қабырға доғасынан 2 см төмен ығысқан. Сарғыштық ауруханаға түсер алдында 1 күн бұрын пайда болған, бір апта алдын «катаральді аурумен» ауырған. Келесі асқыну дамыған:

<variant> бауырлық жедел энцефалопатия

<variant> бүйрек үсті бездерінің жедел жетіспеушілігі

<variant> жедел жүрек-қан тамырлар жетіспеушілігі

<variant> инфекциялық-токсиндік шок

<variant> тыныстың жедел жетіспеушілігі

<question>Жүктіліктің келесі мерзімінде вирусты Е гепатиті ауыр ағымды өтеді:

<variant> 3-ші триместрде

<variant> 2-ші триместрде

<variant> 1-ші триместрде

<variant> Е вирусты гепатит ешқашан ауыр түрде өтпейді

<variant> жүктілік бойы

<question>Жүктілік кезіндегі вирусты Е гепатиттің ауыр ағымының себебі:

<variant> бауырлық жедел энцефалопатияның жиі дамуы

<variant> бүйректің жедел жетіспеушілігі мен нефропатияның дамуы

<variant> жүктіліктің дамымауы

<variant> айқын холестаз

<variant> айқын терінің қышынуы

<question>Жүктілердегі вирусты Е гепатит кезіндегі геморрагиялық синдромның ерте белгісі:



<variant>гемоглобинурия

<variant> мелена

<variant> мұрыннан қан кету

<variant> петехийлік бөртпе

<variant>жатырдан қан кету

<question>Вирусты Е гепатит кезінде дамыған бауырлық жедел энцефалопатияның ағымына жүктілікті үзу ... әсер етеді.

<variant>өлім-жітімді жоғарылатады

<variant> ТШҚҰ-синдромының даму мүмкіндігін жоғарылатады

<variant> аурудың ағымы өзгертпейді

<variant>науқастың жағдайын жақсартады

<variant> бауырлық жедел энцефалопатияны кері дамытады

<question>32 жастағы әйелде жүктіліктің 16-17 аптасы. Ауруханаға аурудың 8-ші күні келіп түсті. Бірінші күндері әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, дене қызуының аздап көтерілуі, оң жақ қабырға астының сыздап ауыруына шағымданды. Аурудың 7 күнінде көздерінің сарғыштығын, зәр түсінің өзгеруін байқаған, ал 2 күннен кейін сарғыштық айқындалған. Объективті қарап тексергенде: жағдайы қанағаттанарлық. Тері жамылғылары сарғыш. Бауыры 1,5-2 см ұлғайған, аздап ауыру сезімі байқалады. Нәжісі түссіз. Сіздің диагнозыңыз:

<variant> вирусты А гепатит

<variant> вирусты В гепатит

<variant> иерсиниоз

<variant> жүктілік холестаза

<variant> механикалық сарғаю

<question>Келесі гепатиттің вирусы фекальді-оральді жолмен таралады және жүкті әйелдерде ауыр ағымын (фульминантты) шақырады:

<variant> вирустық гепатит Е

<variant> вирустық гепатит А

<variant> вирустық гепатит Д

<variant> вирустық гепатит С

<variant> вирустық гепатит В

<question>Холестаз синдромының индикаторын таңдаңыз:

<variant>сілтілік фосфатаза

<variant>АСТ

<variant>ЛДГ

<variant>сорбитдегидрогеназа

<variant> АЛТ

<question>Бауырішілік холестаз индикаторларына жатпайды:

<variant>ЛДГ

<variant>сілтілі фосфатаза

<variant>холестерин деңгейі

<variant>γ- глутамилтранспептидаза

<variant>өт қышқылдары

<question>Жүктіліктің мына мерзімінде вирусты гепатитпен ауыру эмбриопатияны дамытады:

<variant>12 аптаға дейін

<variant>эмбриопатия болмайды

<variant>36 аптадан кейін

<variant>12 аптадан кейін



<variant> жүктіліктің кез келген мерзімінде

<question>Жүктіліктің келесі мерзімінде вирусты гепатиттің ағымы ауыр өтеді:

<variant>III триместрде

<variant>II триместрде

<variant> I триместрде

<variant>жүктіліктің кез келген мерзімінде

<variant>I-II триместрлерде

<question>Босанушы әйелде вирусты гепатиті анықталса, баланы емізу мәселесі төмендегі жолмен шешіледі:

<variant>гепатит вирусы балаға ана сүтімен берілетіндіктен емізуге рұқсат етілмейді

<variant>емізу анаға теріс әсер ететіндіктен баланы емізуге рұқсат етілмейді

<variant>анаға берілетін дәріктер зиянсыз болғандықтан, емізуге рұқсат етіледі

<variant>емізу балаға теріс әсер ететіндіктен емізуге рұқсат етілмейді

<variant>гепатит вирусы балаға ана сүтімен берілмейтіндіктен емізуге рұқсат етіледі

<question>Жүкті әйелдердегі вирусты гепатит кезінде сарғаю алды кезеңінің клиникасында басым білінеді:

<variant>бауырлық диспепсия синдромы, қызба

<variant>астено-вегетативті синдром

<variant>катаральді синдром

<variant>интоксикациялық синдром

<variant>аталғандардың ешқайсысы емес

<question>Вирусты гепатиттің жүкті әйелдердегі мүмкін асқынуы:

<variant>бауырдың массивті некрозы

<variant>бүйрек шамасыздығы

<variant>жүрек-тамыр жүйесінің аурулары

<variant>орталық нерв жүйесінің зақымдануы

<variant>аталғандардың ешқайсысы емес

<question>Жүктілердегі жедел майлы гепатоз дамығанда көрсетілген:

<variant> шұғыл кесарь тілігі

<variant>симптомды ем

<variant> жоспарлы кесарь тілігі

<variant>амниотомия жасап толғақ шақыру және табиғи жолмен босандыру

<variant> сақтандыратын терапия мен симптомды ем

<question>Жүктілікпен байланысты ең жиі кездесетін бауыр ауруы:

<variant> жедел майлы гепатоз

<variant> А вирусті гепатит

<variant> холецистит

<variant> холестаздық гепатоз

<variant> В вирусті гепатит

<question>Манифестті гипотиреозы бар, жүктілігі 8 апталық, 25 жастағы әйел кеңес беру бөліміне қаралды, сіздің тактикаңыз (ҚР ДСМ №626 бұйрығына сәйкес):

<variant>жүктілікті медициналық көрсетілім бойынша дәріктермен үзу

<variant>жүктілікті пролонгациялау, гипотиреозын йодбаланспен емдеу

<variant>жүктілікті операциялық жолмен үзу

<variant>емханада гипотиреозын емдеп, жүктілікті II триместрде үзу

<variant> жүктілікті пролонгациялау, гипотиреозын эутирокспен емдеу

<question>Қантты диабетпен ауыратын жүкті әйелдің емдеу және бақылау тәртібіне қатысы жоқ



тұжырым:

<variant>емді жүктілік 12 аптасынан кейін бастау

<variant>әйелдегі жүктілікті анықтағаннан кейін оны ары қарай сақтау сұрақтарын шешу

<variant>гликемия деңгейін физиологиялық шегінде ұстау

<variant>жүктіліктің асқынуларының алдын алу мен инсулинотерапияны коррекциялау қажеттілігін анықтау

<variant>жүктілікті I- II триместрінде (27 аптаға дейін) үзу

<question>Қантты диабет кезінде әйелді мына жағдайларда мерзіміне дейін босандырады:

<variant> барлық келтірілген асқынуларда

<variant> бала денсаулығына қауіп төнсе

<variant>декомпенсацияланған қантты диабетте

<variant>егер жүктіліктің 36-37 аптасында ұрықтың салмағы 4 кг артық болса

<variant>симптомдық АГ бақыланбаса

<question>Жүкті әйел 35 жаста , ДМИ (ИМТ) 27 кг\м², анамнезінде салмағы 4 кг артық нәресте босанған. Қазіргі жүктіліктің қандай мерзімдерінде гликемияны анықтау қажет?

<variant>есепке тұрған кезде және 28 аптасында

<variant>4 және 16 аптасында

<variant>8 және 38 аптасында

<variant>есепке тұрған кезде және 36 аптасында

<variant>16 және 33 аптасында

<question>Әйелдерге кеңес беру емханасына 28 апталық жүктілікпен әйел қаралды, бастапқыда ДМИ (ИМТ) 34 кг\м², жүктілік кезінде 18 кг қосты, аш қарынға веналық қанда гликемия 6,7 ммоль\л (капиллярлы қанда 5,8 ммоль\л), №9 (2000 ккал) емдәм сақтап жүр. Ем тактикаңыз:

<variant>тек емдәммен емдеу

<variant>метформин 850 мг 1рет күніне

<variant>диабетон МР 1 таблетка күніне

<variant>акарбоза по 100 мг 3 рет күніне

<variant> қысқа әсерлі инсулинді әр тамақ алдында енгізу

<question>Аутоиммунды тиреоидиттің, гипотиреоз сатысындағы 23 жастағы әйел жүктілікті жоспарлады. Осы науқасқа тағайындауға қажетсіз:

<variant>хирургиялық ем

<variant>L-тироксин қабылдау, ТТГ деңгейін 1-2 мкМЕ\мл жеткізу

<variant>L-тироксин дозасын жүктілік кезінде 50-100% жоғарылату

<variant>ТТГ деңгейін 10-12, 20-22, 30-32 апталарда бақылау

<variant> бос Т4 деңгейін 10-12, 20-22, 30-32 апталарда бақылау

